

Бесқарағай ауданы бойынша 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 09 наурыздағы № 91 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 12 сәуірде № 4483 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 118 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы әкімдігінің 24.04.2017 № 118 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару таралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 2 –тармағына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Бесқарағай аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Бесқарағай ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2.Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Р.Кисамиеваға жүктелсін.

3.Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бесқарағай ауданының әкімі

Н.Токсеитов

Бесқарағай аудандық әкімдігінің
2016 жылғы " 9 "наурыз
№ 91 қаулысына қосымша

Бесқарағай ауданы бойынша 2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

--	--	--

Бір айда бір тәрбиеленушіге жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері, теңге				Тәрбиеленушілер саны, адам		Бір айда бір тәрбиеленушіге орташа шығындар мөлшері, теңге		Бі ат ак ме те
Балабақшалар, бөбекжайлар		Шағын орталықтар		Балабақшалар , бөбекжайлар	Шағын орталықтар, Балабақшалар	Балабақшалар , бөбекжайлар	Шағын орталықтар	
Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет	Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет					
-	27221	49635	-	90	285	25204	14513	55

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК